

Қыркүйек айының 26-і күні ОҚО арнайы көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханада аудандық кітапханашыларға «Білгенінді шындай тус» атты кезекті кәсіби деңгейді көтеру сабағы өткізілді.

Сабақта қамтылған мәселелер: кішімобилді оқырмандарға қызмет көрсету мүмкіндіктерінің демонстрациясы – тифлоқешендер: брайль дисплейі, кітап оқу сканері, мәтінді ұлғайтатын стационарлы лупа, брайль принтері бар әрі арнайы бағдарламамен қамтылған компьютерлер. Есту, сойлеу қабілеті кем-бағал зағиптар үшін – сойлеу дағдыларына ықпал ететін кішігірім аудиокласс. Көру қабілетінен айырылғандардың аудиокітаптарды тындауына арналған осы замандық MP 3 – плейерлерін тифломагнитофонмен ауыстыру сияқты т.б.

«Тифлотүсіндірме» («тифлокомментарий») терминіне тоқталып, тәжірибе түрінде көрсету.



